

Бюджеттік жоспарлау және бюджеттерді атқару сатыларында азаматтық бюджетті жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 9 қантардағы № 15 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 22 қантарда № 16261 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 244 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 21.05.2025 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 67-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 05.03.2022 № 249 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Бюджеттік жоспарлау және бюджеттерді атқару сатыларында азаматтық бюджетті жасау мен ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2018 жылғы 9 қантардағы

№ 15 бүйрүгімен бекітілген

Бюджеттік жоспарлау және бюджеттерді атқару сатыларында азаматтық бюджетті жасау мен ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бюджеттік жоспарлау және бюджеттерді атқару сатыларында азаматтық бюджетті жасау мен ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 67-1-бабына сәйкес өзірленді және респубикалық және жергілікті бюджеттердің қалыптастырылуы және атқарылуы туралы қоғамды хабардар ету мақсатында азаматтық бюджетті жасау және ұсыну тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің 05.03.2022 № 249 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүгімен.

2. Азаматтық бюджет – жұртшылыққа қолжетімді нысанда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын респубикалық және жергілікті бюджеттердің негізгі ережелерін ашатын ақпарат.

3. Азаматтық бюджетті жариялау бұқаралық ақпарат құралдары пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында "Азаматтық бюджет" жеке салымында құрылады.

4. Азаматтық бюджетті:

респубикалық бюджет бойынша – мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдар;

жергілікті бюджет бойынша – облыс, респубикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ деңгейінде – облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы, облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерінің аппараттары;

бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде бюджет шығыстары бойынша – бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жасайды.

5. Азаматтық бюджет процесінің мынадай сатыларында жасалады: жоспарлау (қалыптастыру, бекіту, нақтылау), бюджетті атқару.

6. Азаматтық бюджеттің мазмұны қысқа, түсінікті, азаматтар үшін оңай ұғынылатын нысанда жазылады, оны жариялаған кезде инфографика, суреттер, схемалар, диаграммалар, кестелер және басқа да таныстыру нысандары пайдаланылады. Көлемді материалдар машина оқитын форматта ұсынылады (мысалы, кестелер – Excel-де, мәтіндік материал – Word-та).

7. Мемлекеттік бюджеттің бөлімдері осы өнірлерге тән өзге де ақпараттармен толықтырылады. Мысалы, білім беру саласында қосымша ынталандыру төлемдері, халыққа әлеуметтік көмек көрсету, жұмыссыздық деңгейі.

2-тарау. Азаматтық бюджетті жасау

1-параграф. Қазақстан Республикасының бюджеттік процесінің қысқаша сипаттамасы

8. Азаматтық бюджетті жасау кезінде бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдардың және мемлекеттік жоспарлау, бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының ресми интернет-ресурстарында (бұдан әрі – уәкілетті органдардың интернет-ресурстары) "Азаматтық бюджет" салымында Қазақстан Республикасының бюджеттік процесінің қысқаша сипаттамасы орналастырылады.

9. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдар, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары бюджет процесін сипаттау кезінде бюджетті жоспарлаудың негізгі рәсімдерін көрсетеді:

Республикалық бюджетті, облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетін, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетін кім және қалай жоспарлайды;

республикалық бюджетті, облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетін, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетін кім қарайды және қандай нормативтік құқықтық актілерге сәйкес бекітіледі;

Бюджет кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда түзетулердің қысқаша ақпараты, түзетулердің қашан және қандай себептермен енгізілгені көрсетіледі.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілдегі органдар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары бюджет процесін сипаттау кезінде бюджетті атқарудың негізгі рәсімдерін көрсетеді:

республикалық бюджеттің, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуын кім қамтамасыз етеді;

тұсімдер мен шығыстар бойынша тиісті бюджетті атқарудың негізгі кезеңдері ;

Бюджет кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда түзетулердің қысқаша ақпараты, түзетулердің қашан және қандай себептермен енгізілгені көрсетіледі;

есепті қаржы жылына бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің жасалуы , қаралуы және бекітілуі көрсетіледі.

2-параграф. Бюджетті жоспарлау (қалыптастыру, бекіту, нақтылау) сатысында

10. "Бюджетті жоспарлау (қалыптастыру, бекіту, нақтылау) сатысында" бөлімі "Қазақстан Республикасының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері" немесе "Өнірдің негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері", "Республикалық бюджеттің тұсімдері мен шығыстары", тиісті бюджеттің "Дефициті (профициті)" деген кіші бөлімдерді қамтиды.

11. "Қазақстан Республикасының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері" деген кіші бөлім Қазақстан Республикасының негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері бойынша болжамды ақпаратты қамтиды, оның ішінде: жалпы ішкі өнім (бұдан әрі – ЖІӨ) көлемі, ЖІӨ нақты өзгерісі, алдыңғы жылға %-да; халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ; мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі; мұнайдың орташа жылдық әлемдік бағасы; инфляция; тауарлардың экспортты мен импорты; сауда теңгерімі сальдосы мен тиісті кезеңге бюджеттік шығыстардың мемлекеттік саясаты туралы жалпы көрініс беретін жоспарланған үш жылдық кезеңге республикалық бюджеттің негізгі өлшемдері. Алдыңғы жылдармен салыстырганда республикалық бюджеттің негізгі өлшемдерін талдау келтіріледі.

Республикалық деңгейде мынадай көрсеткіштерді қамтитын негізгі әлеуметтік көрсеткіштер көрсетіледі: ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшері, айлық есептік көрсеткіш, ең төменгі және орташа айлық номиналды жалақы мөлшері, ең төменгі зейнетақы мөлшері және базалық зейнетақы төлемі, жұмыссыздық деңгейі.

"Өнірдің негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері" деген кіші бөлім тиісті кезеңге бюджеттік шығыстардың мемлекеттік саясаты туралы жалпы

көрініс беретін жоспарланған үш жылдық кезеңге облыстық деңгейде, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, алдыңғы жылдармен салыстырғандағы жалпы өнірлік өнімнің (бұдан әрі – ЖӨӨ) болжамды деңгейі бойынша ақпаратты қамтиды.

Жергілікті бюджеттер деңгейінде айлық есептік көрсеткіш, ең төменгі және орташа айлық жалақы мөлшері, ең төменгі зейнетақы мөлшері, стипендия, жәрдемақы мөлшері көрсетіледі.

12. "Бюджеттің түсімдері мен шығыстары" деген кіші бөлім алдыңғы жылдармен салыстыру жолымен үш жылдық кезеңге жоспарланып отырған бюджет түсімдері мен шығыстары туралы ақпаратты қамтиды.

13. Бюджет түсімдерінде мыналар:

салық түсімдері;

салықтық емес түсімдер;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер;

трансферттер түсімдері бойынша талдамалы ақпарат көрсетіледі.

14. Бюджет шығыстарында функционалдық топтар бөлінісінде мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға бағытталған шығыстарға талдау, сондай-ақ алдыңғы жылдармен салыстырғандағы жоспарланған үш жылдық кезеңге негізгі басым бағыттар бойынша шығыстарға талдау келтіріледі.

15. Бюджеттің "Тапшылығы (профициті)" деген кіші бөлімде тиісті кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заңға немесе жергілікті бюджет туралы мәслихат шешіміне сәйкес республикалық бюджеттің тапшылығын (профицитті пайдалану) қаржыландыру көлемінің деректері көрсетіледі.

16. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген үкіметтік борыш лимиті туралы ақпарат көзделеді.

17. Азаматтық бюджет шығыстарының негізгі бағыттары бойынша республикалық бюджет жобасына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының алдын ала бағалауы туралы ақпаратты қамтиды.

Республикалық бюджет деңгейіндегі азаматтық бюджетке елдің жалпыұлттық басымдықтарына қол жеткізу жөніндегі шараларды қамтамасыз ету үшін басым бюджеттік қаржыландырудың бағыттарын көрсететін және республикалық бюджет жобасында белгіленген шешімдерді ашатын ақпарат енгізіледі.

Жергілікті бюджет деңгейіндегі азаматтық бюджетке жергілікті бюджет жобасына енгізілген шешімдерді аша отырып, ақпарат енгізіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.10.2023 № 1080 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17-1. Жергілікті бюджеттер деңгейінде халық қатысатын бюджетті іске асыру жөніндегі ақпарат көрсетіледі.

Ескерту. Қағидалар 17-1-тармақпен толықтырылды - КР

Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.10.2023 № 1080 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері "Бюджетті жоспарлау (қалыптастыру, бекіту, нақтылау) сатысында" деген бөлімді:

жоспарланатын шығыстарды сипаттай отырып және сомаларды миллион теңгеде көрсете отырып бюджеттік бағдарламалар, халық пен ел үшін жоспарланатын пайданы көрсете отырып, тікелей және түпкілікті нәтижелер көрсеткіштері туралы (көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) түпкілікті алушы ел халқы болып табылатын бюджеттік бағдарламалар бойынша ақпарат, оның ішінде мектептер, ауруханалар, автомобиль жолдары және басқа да объектілер құрылышы, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер туралы, сондай-ақ жұмыс орындарын құру, жалақыны ұлғайту бойынша ақпарат енгізіледі);

бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға мәлімделетін шығыстардың экономикалық әсерін бағалау туралы;

халық қатысатын бюджетті іске асыру туралы (халық қатысатын бюджетті іске асыруды жүзеге асыратын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үшін) ақпараттарды енгізе отырып, жасайды.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.10.2023 № 1080 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Бюджетті атқару сатысында

19. "Бюджетті атқару сатысында" деген бөлім ай сайынғы негізде қалыптастырылады. Бір рет жарты жылдық қорытындылары (жарты жылдық шолу) шығарылады. Жыл қорытындысы бойынша жылдық азаматтық бюджет (жылдық шолу) жасалады.

20. Ай сайынғы азаматтық бюджетте бюджетті атқару сатысында мынадай сипаттағы ақпарат көрсетіледі: кірістер мен шығыстардың баптары бойынша атқару.

Кірістер бойынша есепті кезеңге жоспарлы деректермен салыстырғандағы, есепті жылға жоспарлы деректермен салыстырғандағы, сондай-ақ тиісті есепті күнге алдыңғы кезеңдердің (кемінде соңғы үш жыл) нақты деректермен салыстырғандағы есепті деректер көрсетіледі. Есепті кезеңде кірістердің өсуі/азауы қандай түсімдердің есебінен болғаны туралы ақпарат ашылады.

Шығыстар бойынша есепті кезеңге жоспарлы цифrlармен салыстырғандағы, есепті жылға жоспарлы цифrlармен салыстырғандағы, сондай-ақ тиісті есепті күнге алдыңғы кезендердің (кемінде соңғы үш жыл) нақты цифrlарымен салыстырғандағы ағымдағы атқару көрсетіледі. Шығыстардың негізгі басым бағыттары көрсетіледі (деректер үдемелі қорытындымен көрсетіледі).

21. Бюджетті атқару сатысында азаматтық бюджетті жартыжылдықта және жылдық шолуда ай сайынғы негізде берілетін ақпаратқа қосымша мыналарға:

негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің (ЖІӨ/ЖӨӨ, инфляция деңгейі, жұмыссыздық деңгейі) атқарылуына;

нақты атқарылуы ескеріле отырып, толық қаржы жылына экономикалық болжамды, кірістер мен шығыстар болжамын қоса алғанда, бюджетті нақтылау себептері мен көздерін көрсете отырып, бекітілген бюджетпен салыстырғандағы тиісті қаржы жылына бюджет параметрлерін нақтылауға талдау жүргізіледі.

Бюджетті атқару сатысындағы азаматтық бюджеттің жылдық шолуында нәтижелердің қол жеткізілген (қол жеткізілмеген) көрсеткіштерін, сондай-ақ халық пен ел үшін алынған пайда нәтижелері туралы, бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша бөлінген қаражатты игеру (көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) түпкілікті алушы ел халқы болып табылатын бюджеттік бағдарламалар бойынша ақпарат, оның ішінде мектептер, ауруханалар, автомобиль жолдарының құрылышы бойынша жобалардың жүзеге асуы және басқа да объектілер, жұмыстар, қызметтер туралы, сондай-ақ жұмыс орындарын құру, жалақыны ұлғайту бойынша ақпарат енгізіледі) туралы талдау да көрсетіледі.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.10.2023 № 1080 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Азаматтық бюджетте республикалық деңгейдегі мемлекеттік борыш жөніндегі ақпарат борыш құрылымы бойынша бөліністегі соңғы бес жылдағы мемлекеттік борыштың (Қазақстан Республикасы Үкіметінің борышы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің борышы, жергілікті атқарушы органдардың борышы) серпінін қамтиды. Сондай-ақ, мемлекеттік борыштың ЖІӨ-ге қатынасын сақтау көрсетіледі.

23. Азаматтық бюджет бақылау-тексеру жұмысы және бақылау іс-шараларының қорытындылары туралы ақпаратты қамтиды.

24. Мемлекеттік органның даму жоспарының көрсеткіштерін орындау нәтижелерін, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарларының орындалуы туралы есептерді, қайырымдылықтан түскен түсімдер мен ақша жұмсалуы туралы есептерді және мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау қорытындысы

бойынша ақпаратты орналастыра отырып, "Бюджетті атқару сатысында" деген бөлімді жасайды.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері азаматтар үшін қолжетімді және оңай қабылданатын нысанда нәтижелердің қол жеткізілген (қол жеткізілмеген) көрсеткіштерін, сондай-ақ халық пен ел үшін алынған пайда нәтижелері туралы, бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша бөлінген қаражатты игеру (көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) түпкілікті алушы ел халқы болып табылатын бюджеттік бағдарламалар бойынша ақпарат, оның ішінде мектептер, ауруханалар, автомобиль жолдары құрылышы бойынша жобалардың жүзеге асыру және басқа да объектілер, жұмыстар, қызметтер туралы, сондай-ақ жұмыс орындарын құру, жалақыны ұлғайту бойынша ақпарат енгізіледі) туралы ақпаратты да орналастырады;

Жергілікті бюджеттер деңгейінде халық қатысатын бюджетті іске асыруды жүзеге асыратын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері халық қатысатын бюджеттің іске асырылуы туралы ақпаратты орналастырады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.10.2023 № 1080 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тaraу. Азаматтық бюджетті орналастыру тәртібі

25. Азаматтық бюджет уәкілетті органдардың интернет-ресурстарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының ресми интернет ресурстары болмаған кезде аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің "Азаматтық бюджет" салымы жоғары тұрған бюджетті мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың интернет-ресурсында орналастырылады.

Пайдаланушылардың қолайлылығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның "Азаматтық бюджет" салымы бойынша интернет-ресурстарға өзара сілтемеге жол беріледі.

Пайдаланушылардың қолайлылығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік жоспарлау, бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның "Азаматтық бюджет" салымы бойынша интернет-ресурстарға өзара сілтемеге жол беріледі.

Азаматтық бюджет ашық бюджеттердің интернет-порталында бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган және бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері де мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырады.

Халықты кеңінен хабардар ету үшін аудан деңгейіндегі (облыстық маңызы бар қала деңгейіндегі) азamatтық бюджет тиісті аумақта таралатын баспа бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.10.2023 № 1080 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасының бюджет процесінің заңнамалық базасы және бюджет процесінің схемасы жиырма күнтізбелік күн ішінде тиісті нормативтік құқықтық актілер қолданысқа енгізілгеннен кейін жаңартылады.

27. "Бюджетті жоспарлау (қалыптастыру, бекіту, нақтылау) сатысында" деген кіші бөлім бойынша:

бюджетті жоспарлау (қалыптастыру) бойынша ақпарат бюджет жобасын тиісті деңгейдің өкілді органына қарауға енгізу мерзіміне дейін бес жұмыс күні бұрын орналастырылады (бюджетке дейінгі өтінім немесе түсіндірме жазба);

бюджетті бекіту (нақтылау) бойынша ақпарат тиісті деңгейдегі өкілді орган бюджетті қабылдағаннан кейін күнтізбелік он бес күн ішінде орналастырылады.

28. "Бюджетті атқару сатысында" деген бөлім бойынша ақпарат:

есепті айдан кейінгі айдың 25-іне дейін;

тиісті жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей жарты жылдық шолу;

есепті қаржы жылына тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік аудит органдарының ұсынымдарымен бір мезгілде тиісті деңгейдің өкілді органы бюджетті атқару туралы жылдық есепті бекіткеннен кейін жыл қорытындысы бойынша бір ай ішіндегі жылдық шолу (тиісті жылдың 1 тамызынан кешіктірмей) орналастырылады.

"Бюджетті бақылау (аудиттеу) сатысында" деген бөлім бойынша ақпарат:

есепті айдан кейінгі айдың 25-іне дейін;

тиісті жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей жарты жылдық шолу;

есепті қаржы жылына тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік аудит органдарының ұсынымдарымен бір мезгілде тиісті деңгейдің өкілді органы бюджетті атқару туралы жылдық есепті бекіткеннен кейін жыл қорытындысы бойынша бір ай ішіндегі жылдық шолу (тиісті жылдың 1 тамызынан кешіктірмей) орналастырылады.

29. Қаржы жылдының соңындағы борыштың жай-күйі туралы талдамалы ақпаратты қамтитын мемлекеттік борыш жөніндегі ақпаратты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қалыптастырады және жылдың қорытындысы

бойынша Қазақстан Республикасының Парламентінде республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп бекітілгеннен кейін бір ай ішінде ресми интернет-ресурста орналастырылады.

30. Халық саны екі мың адамнан асатын аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары азаматтық бюджетті жасауды және ұсынуды осы Қағидалар қолданысқа енгізілгеннен бастап жүзеге асырады, халық саны екі мың және одан аз адам болатын аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

31. Осы Қағидалардың мемлекеттік органдардың азаматтық бюджетті жасау және беру жөніндегі ережелері Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар, жедел-іздестіру, контрбарлау қызметін жүзеге ас ыру, елдің сыртқы саяси қызметін, қорғаныс қабілеттілігін және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде белгіленген ерекшеліктерді есепке ала отырып қолданылады.